

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИА ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ  
СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ  
УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

THE FINANCIAL SYSTEM IN  
THE CONTEXT OF CREATING A MODEL  
OF SUSTAINABLE ECONOMIC  
DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

АСТАНА  
ASTANA  
2024

*Посвящается юбилею - 80-летию  
Искаковой Загиры Дуйсембаевны*



***ИСКАКОВА ЗАГИРА ДУЙСЕМБАЕВНА  
ISKAKOVA ZAGIRA DUYSEMBAYEVNA***

***ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР  
ДОКТОР ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР  
DOCTOR OF ECONOMIC SCIENCES, PROFESSOR***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА  
THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының**

**МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

**Международной научно-практической конференции**

**«ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИ-  
ВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**

**COLLECTION OF REPORTS**

**of the International scientific and practical conference**

**«THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL  
OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN»**

АСТАНА, 2024

ASTANA, 2024

УДК 336 (574)  
ББК 65.261 (5Каз)  
Қ 18

**Редакциялық алқа:**

**Мақыш С.Б.** - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

**Жағыпарова А.О.** - Экономика факультетінің деканы

**Ажмухамедова А.А.** - Экономика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

**Мажитов Д.М.** - «Қаржы» кафедрасының профессоры

**Бұлақбай Ж.М.** - «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

**Майдырова А.Б.** - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

**Сембиева Л.М.** - «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі

**Аманова Г.Д.** - «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі

**Мухияева Д.М.** - «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

**Искаков Б.М.** - «Тұран-Астана» университетінің «Іскерлік басқару» кафедрасының профессоры

**Қ 18** «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы= Международная научно-практическая конференция «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»= International scientific and practical conference «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» – Астана: ИП «Булатов А.Ж.» – 572 б.(с.) - қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-337-934-0**

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер жүргізген өзекті және проблемалық мәселелерді қамтитын авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, на тему «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» presents the results of original research on topical and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master degree students and undergraduates. The publication is intended for undergraduates, master and doctoral students, as well as for a wide range of readers studying current problems of modern science.

УДК 336 (574)  
ББК 65.261 (5Каз)

**ISBN 978-601-337-934-0**

© Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, 2024  
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2024  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2024

3. Камбулов С.В., Леонова К.И. Финансовый потенциал и его роль в эффективности деятельности предприятия. Электронный научный журнал «Вектор экономики», №10, 2019.
4. Лакомова Т. Факторы, влияющие на финансовый потенциал предприятий. Второй международный конкурс студенческих научно-исследовательских работ по экономике. Том II, 153-156 б., 2020.

ӘОЖ (33.336.1)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МОНИТОРИНГ ЖҮЙЕСІНІҢ МАНЫЗЫ

*Берікқызы Жанара, Тоқбергенова Мерей Ержанқызы*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті., Астана қ.,

Қазақстан Республикасы,

E-mail: [zanaraberikova@gmail.com](mailto:zanaraberikova@gmail.com), [mereytokbergenova@gmail.com](mailto:mereytokbergenova@gmail.com)

**Аңдатпа.** Қазақстан Республикасында экономикалық және әлеуметтік дамуында бағдарламалардың мониторинг жүйесі мемлекеттік саясаттың негізгі құралы болып табылады және макроэкономикалық дамуды болжау және тиімділігін қамтамасыз ету үшін үлкен маңызға ие. Бұл мақалада Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламаларының мониторинг жүйесін жетілдірудің қазіргі тенденцияларызерттелді. Қазақстан Республикасында жүзеге асырылған мемлекеттік бағдарламалар негізінде талдау жасалынды. Автор мемлекеттік бағдарламаларға мониторинг жүргізудің басым бағыттарын айқындады. Мақалада мониторинг тиімділігін арттыру үшін заманауи ақпараттық технологияларды енгізу перспективалары талқыланады.

**Кілт сөздер:** мемлекеттік бағдарламалар, мониторинг жүйесі, бағалау, бақылау.

**Аннотация.** В экономическом и социальном развитии Республики Казахстан система мониторинга программ является основным инструментом государственной политики и имеет большое значение для прогнозирования и обеспечения эффективности макроэкономического развития. В данной статье рассмотрены современные тенденции совершенствования системы мониторинга государственных программ социально-экономического развития Казахстана. Анализ проводился на основе государственных программ, реализуемых в Республике Казахстан. Автором определены приоритетные направления мониторинга государственных программ. В статье обсуждаются перспективы внедрения современных информационных технологий для повышения эффективности мониторинга.

**Ключевые слова:** государственные программы, система мониторинга, оценка, контроль.

**Annotation.** In the economic and social development of the Republic of Kazakhstan, the program monitoring system is the main tool of state policy and is of great importance for forecasting and ensuring the effectiveness of macroeconomic development. This article examines the current trends in improving the monitoring system of state programs for the socio-economic development of Kazakhstan. The analysis was carried out on the basis of government programs implemented in the Republic of Kazakhstan. The author has identified priority areas for monitoring government programs. The article discusses the prospects for the introduction of modern information technologies to improve the effectiveness of monitoring.

**Keywords:** government programs, monitoring system, assessment, control.

Елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына мемлекеттің ықпал ету нысандарының бірі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу болып табылады.

Мемлекеттік бағдарламалар – елдің даму стратегиясының бағыттарының бірінде көрсетілген, әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиялық және аса маңызды мақсаттарына қол жеткізу мен мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бір-бірімен келісілген салалық шаралар кешені. Мемлекеттік бағдарламалар экономика салаларының, шағын және орта бизнестің дамуына, халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал ететін түпкілікті нәтижелерді көрсететін нақты белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған шаралар жүйесін қамтиды.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші комиссиялары әзірленеді және Қазақстан Республикасының Президентімен бекітіледі, олар неғұрлым ірі және маңызды экономикалық, әлеуметтік және басқа да міндеттерді шешуге бағытталған өзара байланысты шаралар кешенін айқындайды, мақсаттарды дәлме-дәл айқындап алуға негізделеді және Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясында, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық және индикативтік жоспарларында айқындалған ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтарды ескере отырып, алға қойылған мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін іс-шаралардың мерзімдері, ресурстары және орындаушылары бойынша келісілген жүйені қамтиды[1].

Сондай-ақ, мемлекеттік бағдарламалардың мониторинг жүйесі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік бағдарламалардың мониторингі жүйесі – мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылу барысын қадағалауға, олардың тиімділігін бағалауға және тиісті басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін жүйе. Нақтырақ айтсақ, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру тиімділігі мен оларды іске асырудың белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігін қамтамасыз етуге және пайда болған мәселелер мен кемшіліктерді дер кезінде анықтауға және жоюға мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағдарламалардың мониторингі жүйесі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына халықтың өмір сүру деңгейін арттыру, экономикалық даму және әлеуметтік саланы жетілдіру бағыттары бойынша ықпал етеді.

Мемлекеттік бағдарламаларға мониторингін іске асыру процесі мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысына мониторингті жүзеге асыруынан және қажет болған кезде оған өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуінен және белгіленген мерзімде бірге орындаушы мемлекеттік органдардың оларға бекітілген мемлекеттік бағдарламаның бөлімдерін және іс-шаралар жоспары тармақтарын орындау жөніндегі есептерін Қазақстан Республикасы Президентінің шешімдерінде айқындалған мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органға ұсынуынан қамтиды. Сондай-ақ, мемлекеттік бағдарламаның мониторинг жүйесі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі есептерді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және уәкілетті органға мерзімді ұсынуынан тұрады[1].

Мемлекеттік бағдарламаларға мониторинг жүргізу процесі:

- мемлекеттік бағдарламаны және іс-шаралар жоспарын іске асыру барысын;
- материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігін;
- жоспарланған міндеттерге және индикаторларға қол жеткізу дәрежесін;
- мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын талдаудан тұрады.

Қоғамның әл-ауқатын қамтамасыз етуге, әлеуметтік мәселелерді шешуге, экономикалық өсуді сақтауда және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мемлекеттік бағдарламалар басты рөл атқарады. Олар өзекті мәселелерді шешуге және ел дамуының тұрақты негізін жасай отырып, нысаналы индикаторларға қол жеткізуге бағытталған.

Кесте 1. 2020-2022 жылдардағы жүзеге асырылған мемлекеттік бағдарламалардың қаржыландырылуы

млн. теңге

Мемлекеттік бағдарлама атауы	2020	2021	2022	Ауытқуы			
				2020-2021		2021-2022	
				+;-	%	+;-	%
Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы	945 790	301 000	372 000	-644 790	-68,17	71 000	23,58


ҚР индустриялық- инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	146 065	215 725	107 896	69 660	47,69	-107 829	-49,98
Жұмыспен қамтудың 2020- 2021 жылдарға арналған жол картасы	1 000 000	300 000	-	-700 000	-70	-	-
Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы	135 700	160 300	-	24 600	18,12	-	-
«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы	-	215 022	214 946	-	-	-76	-0,035
<i>Ескерту: [2] дереккөзі негізінде құрастырылды</i>							

Қазақстан Республикасында Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 1998 жылдан бастап алғаш рет елдің 2020 жылғы жалпы ішкі өнімі 2,6%-ға қысқарды. 2020 жылы жалпыұлттық міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы бағдарламалық құжаттарды іске асырудың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар шаралар қабылдады. Мемлекеттік бағдарламалардың үйлестірушілері тарапынан индикаторлар мен көрсеткіштердің басым көпшілігі бойынша, әсіресе олардың өңірлерде қол жеткізілуі бойынша тиісті мониторингтің болмауы өзекті мәселелердің бірі. Анық ақпараттың болмауы тиімділігі төмен және уақтылы емес экономикалық шешімдер қабылдау тәуекелін туғызады. Сол себепті ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, деректерді жинауды автоматтандыру және түйінді ұлттық индикаторлардың орындалу серпінін қадағалау арқылы қол жеткізілетін көрсеткіштерге онлайн мониторинг жүргізудің бірыңғай порталын енгізу маңызды болып табылады.

2020 жылы республика бойынша 5 мемлекеттік бағдарлама бойынша 224,2 млрд. теңге көлемінде бұзушылықтар анықталды, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар – 9,9 млрд. теңге, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану – 214,3 млрд. теңгені құрайды[2].

2021 жыл мемлекеттік жоспарлау жүйесінің өзгеруі орын алды. Көрсеткіштер мен индикаторлар саны көп мемлекеттік бағдарламаларды ұлттық жобаларға толыққанды форматтау дүзеге асырыла бастады. 2021 жылы ұлттық жобаларды іске асырудың басталуымен қатар 11 мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру жалғастырылды. Бағдарламаларды қаржыландыру 95,7% деңгейінде орындалумен 3,4 трлн. теңгені құрады[2].

Мемлекеттің бағдарламалар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге оң әсерін тигізді. COVID-19 пандемиясы жағдайында дағдарысқа қарсы шаралардың бірі ретінде жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламалар жүзеге асырыла бастады. 2020 жылы Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 4,8 – 5% диапазонында ауытқып отыруы орын алды. Жобаны жүзеге асыру барысында 256 мың жаңа жұмыс орны, соның ішінде 15 мың тұрақты жұмыс орны ашылды. 2021 жылы өткен жылмен салыстырғанда Халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген жұмыссыздар саны 18,2 мың адамға қысқарды. Елді-мекендердің инфрақұрылымын дамыту арқылы жұмыс орындарын құру халықты тұрақты табыспен қамтамасыз етті[3].



Сурет 1. 2020-2022 жылдардағы мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру серпіні (млн.теңге)

Ескерту: [2] дереккөзі негізінде құрастырылды

Елдің инновациялық даму саласы бойынша жоғары көрсеткіштерге жету мақсатында мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылды. Қолда бар ресурстар және инновацияларды жүргізу шарттары бойынша рейтингте 131 елдің ішінен 77-орынды иеленеді. Бағдарламаларды қаржыландырудың 61,1%-ы «өндіріс көлемін ұлғайту және ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өңделген тауарлар номенклатурасын кеңейтуге жұмсалған. Ал ең аз бөлігі (1,2%) өңдеу өнеркәсібі салаларын цифрландыруға бағытталған. Экономикалық өсуге қол жеткізу, цифрлық экономикаға көшу мақсатында жүзеге асырылатын «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын қаржыландырудың 20 еседен астам өсуі байқалады. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуына жүргізілген мониторинг бойынша, 2,8 млрд. теңгеге қаржылық бұзушылықтар, 10,4 млрд. теңгеге бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және тиімсіз пайдалану анықталды.

Халықты тұрғын-үймен қамтамасыз ету мақсатында «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылды. Жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша, 102,8 млрд. теңге бұзушылық анықталды, оның ішінде 0,3 млрд. теңге – қаржылық бұзушылық, 92,4 млрд. теңге – тиімсіз жоспарлау[2]. Дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде құрылыс саласын қолдауға, халықты жұмыспен қамтуға және тұрғын үй мәселелерін жедел шешуге Ұлттық банктен 390 млрд. теңге бөлініп, «Шаңырақ» пилоттық жобасы енгізілді.

Қазақстан Республикасының 2020-2022 жылдардағы мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын талдай отырып, мемлекеттік бағдарламалардың мониторинг жүйесінің жүйелі түрде орындалып жатқанын айтуға болады. Бірақ кемшіліктерін айта кететін болсақ, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетіне сауал жолдап, аталған бағдарламалардың қаншалықты орындалғанын, қанша қылмыстық оқиға тіркелгенін анықтады. Мысалы, жоғарыда аталып өткен индустриялық-инновациялық дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасының өзінде Есеп комитеті жүргізген тексеріске сәйкес, қаржылық бұзушылық - 0,2 млрд теңге, активтерді тиімсіз пайдалану көлемі - 7,2 млрд теңге болды.

Бұндай жағдайларды болдырмау үшін мониторинг жүйесінде ашықтық принципі маңызды. Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыру мониторингінің ашықтығы (ақпараттық ашықтығы) қағидаты Қазақстан Республикасының азаматтары, кәсіби қоғамдастық, сараптамалық қоғамдастық, бұқаралық ақпарат құралдары үшін мемлекеттік бағдарламаларды дайындау, әзірлеу, бекіту және іске асыру процесі туралы ақпараттың ашықтығы, транспаренттілігі, қолжетімділігі қамтамасыз етілетінін білдіреді.

Осыған байланысты біз қажетті шараларды қабылдауды және қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін ақпарат ашық, уақтылы, көпшілікке қолжетімді болатындай құралдарды пайдалануды ұсынамыз. Мұндай шаралар, құралдар мен ақпарат көздеріне осыларды қарастыруға болады:

- Қазақстан азаматтары мен қоғам үшін жобаларды қарау, шешімдер қабылдау, мемлекеттік бағдарламаларды бекіту, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу мониторингінің нәтижелері рәсімдерінің міндетті ашықтығы қамтамасыз ету және мемлекеттік



бағдарламалардың қорытындыларын талқылау және оларды бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялау;

- Бюджеттік жоспарлау және Мемлекеттік бағдарламалар туралы жалпы ақпаратты мектептің оқу бағдарламасына, техникумдарда, колледждерде, жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларына енгізу;
- Телебағдарламаларды қалыптастыру: жауапты орындаушылар басшыларының, бірлесіп орындаушылардың, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларына қатысушылардың, сараптамалық қоғамдастық өкілдерінің тұрақты негізде сөз сөйлеуін ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасының TV арналары арқылы Қазақстан Республикасының бекітілген мемлекеттік бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларының жауапты орындаушылары басшыларының есеп беруін қарастыру.

Қорытындылай келе, мемлекеттік бағдарламаларының тиімділігін бағалау үшін бюджеттік бағдарламаның нәтижелі көрсеткіштері пайдаланылады, олар бюджеттік бағдарламаның орындалу нәтижесін анықтайтын, оның іске асырылу барысын, қойылған мақсатқа қол жеткізу дәрежесін және міндеттерін орындауды сипаттайтын сандық және сапалық индикаторларды қамтиды. Нәтижелі көрсеткіштер ресми мемлекеттік статистикалық, қаржылық және басқа да есептілікке, бухгалтерлік, статистикалық және басқарушылық есеп деректеріне негізделеді. Мақалада бюджеттік бағдарламалардың тиімділігіне мониторинг жүргізу және бағалау үшін бағдарламаны нақты қаржыландыру және көрсеткіштерді орындау туралы деректерді қысқаша және түсінікті түрде көрсетуге мүмкіндік беретін форматты әзірлеу қажеттігі айқындалды. Мониторингтің тиімділігін арттырудың бірінші қадамы бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің нақты көрінісін беретін деректерді жинау және талдау әдістемесін жетілдіру.

Жақсартудың қосымша аспектісі – заманауи ақпараттық технологияларды, оның ішінде цифрлық платформалар мен аналитикалық құралдарды белсенді пайдалану. Бұл өзгермелі жағдайларға сәйкес оперативті бақылауды және стратегияларды тезірек түзетуді жеңілдетеді.

Мониторинг жүйесін жетілдірудің маңызды элементі әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылық қоғамдастықтың өзара іс-қимылын күшейту болып табылады. Тиімділікті мерзімді бағалау белгілі бір бюджеттік бағдарламаны сандық бағалауға ғана емес, сонымен қатар оны жүзеге асыру барысында туындайтын қиындықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу ережесі туралы Үкімет қаулысы [электрондық ресурс] - [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030000065\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030000065_)
2. Қазақстан Республикасының республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі [электрондық ресурс] - <http://surl.li/omuyl>
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы [электрондық ресурс] - <https://stat.gov.kz/>

**ӘОЖ 338.2 (574.24)**

### **АЙМАҚТЫҚ БИЗНЕСТІ ЦИФРЛЫҚ ДАМУ ТУРАЛЫ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКГІН АРТТЫРУ**

*Габдрахимова Бакытжамал Амирхановна,*

*Жақупов Әлішер Қанатұлы*

«Мемлекеттік басқару» БББ 1 курс магистранты  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [maral.nabieva@bk.ru](mailto:maral.nabieva@bk.ru)

**Ғылыми жетекшісі :Набиева Марал Туракановна**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
«Менеджмент» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, PhD

**Түйін сөздер:** стартегия, бизнес, цифрлық дамыту,аймақтық экономика қаржы,инвестиция, инновация, банк, прогресс, депозит, динамика, талдау, аналитикалық көрсеткіштер, ақша қаражаттары